




**ӨНДІРІС ИЕЛЕРІ
ҚОСЫМША ҚҰН
САЛЫҒЫНЫҢ
ӨСІМІНЕ НАРАЗЫ**

3-бет



**ЖЫЛАЙТЫН
ҮЙ**

8-бет

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№72 (3603) 26 қыркүйек 2023

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ АЗАЯР ЕМЕС



Жол мұраты жету дейміз, дегенмен, диттеген межесіне жете алмай, мұратының жолында майып болған қанша адамның қайғылы оқиғасына куә болып жүрміз. Мәселен, 2023 жылдың алты айында елімізде 8,3 мың жол көлік оқиғасы орын алған. Өткен жылмен салыстырғанда 12,5 пайызға аз. 2022 жылғы жол-көлік оқиғасының саны – 9,4 мың. Жолынан жаңылып, тұяғы сүрінген әр тұлпардың артында адам жанының таразыға түсетінін де білеміз. Қаншасы бақилыққа бет бұрды?!

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

САРАП

СОТТАРДАҒЫ РЕФОРМА ҚОҒАМДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУДЫҢ КЕПІЛІ

Сот жүйесін жетілдіру мәселесі бойынша мемлекеттік саясат тұжырымдамасын іске асыру әрбір азаматтың сот арқылы қорғалу құқығын қамтамасыз етуді көздейді. Бұл негізгі қағида, ең алдымен, сот процесінің бәсекелестігін бекітіп, әділ сот үкімін шығару арқылы қамтамасыз етіледі. Қолданыстағы іс жүргізу заңнамасы кассациялық сот ісін жүргізу сатысында азаматтардың өз мүддесін қорғауға қолжетімділігін іске асыруды толық көлемде қамтамасыз ете алмайды.

Кассациялық сот азаматтар құқығын қорғауды толық қамтамасыз ете алмайды

Еліміздің кәсіпкерлік қоғамдастығымен өткен кеңесте Мемлекет басшысы сот жүйесінің ұсынысы бойынша алғаш рет кассациялық соттар құру туралы идеясын ортаға салды. Президент дербес кассациялық соттар құру мәселесі бойынша заң және кәсіпкерлікте

қоғамдастықпен талқы өткізу қажеттігін атап өтті. «Бұл мәселенің жедел шешілгені дұрыс және егер ортақ пікірге қол жеткізілсе – қаржылық қамтамасыз ету жағынан да ешқандай шығын әкелмейді» деді. Сонымен қатар, бұл инстанцияны құру бастамасын сот жүйесінің өзі көтеріп отырғандықтан, және бұл реформа азаматтардың құқығын жақсырақ қорғауға ықпал етері анық. Жоғарғы Сотта мұндай сатының жұмыс істеуі Жоғарғы Сотқа Жоғары сот сатысы ретінде Конституциямен және соттар туралы Конституциялық

заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға мүмкіндік бермейді.

Қазақстанда сот актілеріне шағымданудың үш буынды сатысы бекітілді, алайда ол іс жүзінде өз тиімділігін көрсетпеді. Іс жүзінде барлық істер аудандық, қалалық және мамандандырылған соттарда бірінші сатыдағы соттың ережесі бойынша қаралады. Облыстық соттарда істер апелляциялық, ал Жоғарғы Сотта кассациялық тәртіппен қаралады.

Осылайша, облыстық соттардағы кассациялық алқа заңнамалық тұрғыдан жойылып, Жоғарғы Сотта құрылды. Алайда, сот процесіне қатысушылардың өтініші бойынша істі қарау туралы мәселені судья алдын ала жеке-дара шешеді және практика көрсеткендей, судьялардың басым көпшілігі істі кассациялық алқа қарауына беруден бас тарту туралы қаулы шығарады. Соның салдарынан сарасыз азаматтар кассациялық алқаға сот актілерін қайта қарау туралы ұсыныс енгізу құқығы

болғандықтан Жоғарғы Соттың төрағасына шағымдануға мәжбүр болады.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, қазіргі уақытта Жоғарғы Сотта кассациялық алқалар деп аталатын шағымданудың екі кезеңі қалыптасқан, сонымен бірге Жоғарғы Сот төрағасының ұсынуы бойынша және ҚР Бас прокурорының наразылығы бойынша дауды шешу кезеңі жұмыс істейді. Жоғарғы Сот судьясына кассациялық өтінішті жеке-дара қарау құқығын беру сот төрелігін бәсекелестік негізінде жүзеге асыру қағидатына қайшы келеді. Өйткені, процеске қатысушылар өз ұстанымын жария ету мүмкіндігінен айырылады. Шын мәнінде, кассациялық алқа шағымдану сатысы ретінде жойылды, ал Жоғарғы Сотта кассациялық алқа қадағалау және кассациялық алқалардың аралас функцияларын орындайды.

(Соңы 2-бетте)

СОТТАРДАҒЫ РЕФОРМА ҚОҒАМДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ NYҒАЙТУДЫҢ КЕШІЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоғарғы Сот судьясына кассациялық өтінішті жеке-дара қарау құқығын беру сот қағидатына қайшы

Тараптар өз ісінің сот отырысында қаралуы үшін мемлекеттік баж төлейді, сондықтан шағымның сот отырысында қаралуын талап етуге құқылы. Ал оның орнына сот процесін жүргізбей-ақ, судьяның қолы қойылып, жеке-дара шығарған қаулысын алады. Осылайша, ол өзінің позициясын көпшілік алдында қорғау мүмкіндігінен айырылады.

Дәл осы күрделі мәселе азаматтардың наразылығын тудырады, оның соңы наразылық акцияларына ұласатынын көзіміз көріп жүр. Соның салдарынан, сот құрылымының қағидаттары бұзылады. Мұндай жағдайға жол бермеу үшін кассациялық сатыдағы сотқа шағым берген әрбір адамға өз дәлелін тыңдату құқығы беріліп, әрі оның ісі толық алқалы құрамда және жариялы түрде қаралуы тиіс. Осы ретте шығарылған сот актілерінің тек бес пайызына ғана кассациялық тәртіпте шағымданатынына Президенттің назар аударуы бекер емес. Өйткені, жеке және заңды тұлғалар арасында шағымдар ашық сот процесінде жария түрде қаралмайды деген теріс стереотип қалыптасқан.

Қалыптасып отырған жағдайды шешу мақсатында судьялар мен отставкадағы судьялар Жоғарғы кассациялық сот құруға қатысты екі ұсынысымен бөлісіп отыр. Ол үшін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша дербес кассациялық алқаны біріктіретін бірыңғай Жоғарғы кассациялық сот құру керек. Немесе дербес үш кассациялық алқа құру маңызды. Азаматтарды сот төрелігіне жақындату үшін бірнеше өңірде кассациялық алқа құру да артықтық етпейді. Мысалы, Астанада немесе Қарағандыда солтүстік және орталық облыстар үшін кассациялық орталық құруға болады. Алматыда немесе Қонаевта оңтүстік облыстар үшін, Ақтөбеде немесе Қызылордада батыстағы облыстар үшін және Семейде немесе Павлодарда шығыстағы облыстар үшін орталық құрған орынды.

Бірыңғай Жоғарғы кассациялық соттың құрылуы Жоғарғы Сот маңдайшасындағы жазудың өзгеруі емес

Судьялардың көпшілігі екінші тұжырымдаманы қолдайды. Өйткені алқалар сот төрелігін дербес және автономды жүзеге асырады, сонымен қатар, бұл сот жүйесінің мамандануы мен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Бірыңғай Жоғарғы кассациялық соттың құрылуы дегеніміз тек Жоғарғы Соттың маңдайшасындағы жазудың өзгеруі емес, мұның соңы екеуінің арасындағы тартысқа ұласуы, бәсекелестікке алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайдың қалыптасуынан сот процесіне қатысушылар зардап шегеді. Сондықтан біздің ойымызша, барлық ұсыныстарды мұқият зерделеп, мәселені тек еліміздің азаматтарының мүддесіне сай шешу керек. Егер жаңашылдықпен бір мезгілде қолданыстағы іс жүргізу заңнамасына өзгерістер енгізілмесе және толық кассацияның жұмыс істеу тетіктері қамтамасыз етілмесе, Жоғарғы Соттан кассациялық алқаларды бөлудің және дербес алқаларды құрудың ешқандай пайдасы болмайды. Жеке және заңды тұлғаның азаматтық және әкімшілік



Р. МАМЫРБАЕВ,
«Жоғарғы Соттың отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы

істер бойынша жарыссөздік қағидат негізінде мемлекеттік баж төлей отырып берген кез келген өтініш-хатқа тараптардың қатысуымен тиісті шешім шығарыла отырып, кассациялық алқаның отырысында қаралуға тиіс. Қылмыстық істер бойынша да осындай тәжірибе қолданылуы керек. Бүгінде қылмыстық істер бойынша судьяның өтінішхатты алдын ала шешуі туралы норма бекітілген.

Жоғарғы Сот қадағалау тәртібімен сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуі керек. Ал төмен тұрған соттар бұл қағиданы бұзған жағдайда қадағалау функцияларын орындауға тиіс. Қазіргі уақытта талап қою талаптарының мөлшеріне байланысты жеке және заңды тұлғаларға қатысты дауларға кассациялық тәртіппен шағымдануға шектеу бар. Мұндай шектеу қылмыстық істер бойынша да қойылған. Бұл өз кезегінде сот төрелігін жүзеге асыруға теңдей қол жеткізу қағидатын бұзады. Сондықтан қолданыстағы іс жүргізу заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша заң жобасын әзірлеу қажет.

Бірыңғай Жоғарғы кассациялық соттың құрылуы дегеніміз тек Жоғарғы Соттың маңдайшасындағы жазудың өзгеруі емес, мұның соңы екеуінің арасындағы тартысқа ұласуы, бәсекелестікке алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайдың қалыптасуынан сот процесіне қатысушылар зардап шегеді. Сондықтан біздің ойымызша, барлық ұсыныстарды мұқият зерделеп, мәселені тек еліміздің азаматтарының мүддесіне сай шешу керек. Егер жаңашылдықпен бір мезгілде қолданыстағы іс жүргізу заңнамасына өзгерістер енгізілмесе және толық кассацияның жұмыс істеу тетіктері қамтамасыз етілмесе, Жоғарғы Соттан кассациялық алқаларды бөлудің және дербес алқаларды құрудың ешқандай пайдасы болмайды.

Отставкадағы судьяның әлеуетін пайдалана алмай отырмыз

Судьяның жасына қатысты мәселе де өзекті болып табылады. Судьялар шеберлігін енді шыңдап, тәжірибесін молайтқан тұста отставкаға кетеді. Бізде ол 63 жылды құрайды. Дегенмен, Жоғарғы Сот төрағасының ұсынысы бойынша кейбір судьяның қызмет ету мерзімі 65 жасына дейін, ал ерекше жағдайларда 70 жасқа келгеніне дейін ұзартылуы мүмкін. Мұндай шектеулер қабылданғаннан кейін кейбір судьялардың қызмет ету жылы себепсіз ұзартылды, ал біреулерге бұл мерзім ұзартылмады. Бұл судьялар арасында түсінбестік тудырғаны рас.

Басқа елдерде қалай? Өркениетті елдердің көпшілігінде отставкаға кету мәселесін денсаулық жағдайына немесе басқа себептерге байланысты судьяның өзі шешеді. Ал біздің

елімізде сот төрелігін жүзеге асыруда білімі мен мол тәжірибесі бар, мінсіз беделге ие судьялар нағыз қызмет етер кезінде отставкаға жіберіледі және оның кәсіби әлеуетін судьялар корпусы пайдаланбайды. Сонымен қатар, отставкадағы судьялардың әлеуетін судьялардың кәсіби деңгейін арттыру, сот қызметі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі басқа да мәселелер сияқты маңызды жұмысқа сирек тартылады.

Ел Президентінің бастамасымен «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі» туралы заңда отставкадағы судьялардың төлемін 109 айлық есептік көрсеткішпен шектейтін 35-баптың редакциясына өзгерту енгізу мәселесі оң шешімін тапты. Аталмыш заң жобасы қабылданғаннан кейін судьялық қызметке орналасқысы келетін заңгерлер саны міндетті түрде артады, өйткені судьялар үшін отставкаға шыққанда берілетін төлемнің көлемі өте маңызды. Сонымен қатар, бұл соттардағы сыбайлас жемқорлық индексі төмендетуге де пәрменді.

Жалпы, қоғамда сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі судьяның шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ұзақ уақыттан бері

басқа құқық қорғау, фискальдық органдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан қысым жасау тәжірибесі әлі күнге жойылған жоқ. Сондықтан біздің ойымызша, судьялар үшін осы маңызды мәселе бойынша жаңа заң жобасын әзірлеу қажет. Өйткені, қолданыстағы заң декларативті сипатта жазылған.

Жоғарғы Соттың тікелей міндеті – бірыңғай сот практикасын қамтамасыз ету

Әкімшілік-командалық жүйе кезінде де сот практикасының біркелкілігін қалыптастыру мақсатында судьялардың кәсібилігін арттыруға қадамдар жасалды. Тоқсан сайын облыстық соттар өз аймағындағы сот практикасын қорытындылап, соттардың жіберген қателіктерін көрсетті, материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын қолданудағы кемшіліктерді атап өтті, мұның бәрі судьяның кәсіби деңгейін көтеруде баға жетпес капитал болды.

Семинарлар мен біліктілікті көтеретін дәріс түрлері жүйелі түрде өткізілді және сот төрелігін жүзеге



асыруда жақсы көрсеткішке қол жеткізген судьялар жартыжылдық және жыл қорытындысы бойынша өтетін кеңестерде марапатталды. Бұл белсенді жұмыс істеуге ынталандырғаны сөзсіз. Өкінішке орай, кәсіби шеберлікті арттырудың бұл түрін бүгінде әсері жоқ жиналыстар, конференциялар, пікірталастар алмастырды. Соның кесірінен бүгінде азаматтар бірыңғай сот практикасының бұзылғанына жиі куә болады.

Жоғарғы Соттың тікелей міндеті – бірыңғай сот практикасын қамтамасыз ету. Алайда қазіргі уақытта ол кассациялық сатыдағы шағымдар мен өтініштерден аяқ алып жүре алмай отыр. Соның салдарынан сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету мүмкіндігінен айырылған. Судьялық лауазымдарға кадрларды іріктеуде және таңдауда елеулі олқылықтар бар. Біліктілік емтиханын тапсырып, конкурсқа қатысқан үміткер өзін судья етіп тағайындау туралы өтініш жазды. Бірақ оның тағайындалуы Жоғарғы Сот Кеңесінің субъективті пікіріне байланысты. Өкінішке орай, бұл сүзгіден сауаты төмен, қолы таза емес үміткерлердің де өтіп кеткені белгілі. Кейіннен мұндай мамандар сыбайлас жемқорлық және басқа да жағымсыз істері үшін қызметінен босатылды, бұл қоғамда резонанс тудырды. Осы тұрғыдан алғанда судья лауазымына кадрларды іріктеу сот төрелігін қамтамасыз етудегі ең маңызды мәселе болып табылады. Ендеше, өмірлік тәжірибесі мол, сауатты заңгерлерді судья болуға ынталандыруға қалай қол жеткізуге болады? Біздің елде мұндай ұмтылыс жоқ. Дамыған елдерде

судьялар ең жоғары жалақы алатын шенеуніктер қатарында. Олардың әлеуметтік пакеті және басқа да артықшылықтары бар. Сондықтан, мұндай елдердегі адвокат үшін судья лауазымына орналасу жоғары мансаптық өсу болып саналады. Соңғы жылдары біздің елімізде судьялардың, әсіресе облыстық сот пен Жоғарғы Сот судьяларының айлығы айтарлықтай өсті. Алайда істердің ауқымды бөлігі қаралатын және судья кадрларының ең көп тапшылығы сезілетін аудандық сот судьяларының айлығы әлі төмен. Дегенмен, дәл осы аудандық соттарда судья өмірлік және құқықтық тәжірибе жинақтайды және негізінен облыстық соттар мен Жоғарғы Соттың судьялық кадрлары дәл осы буында қалыптасады. Сондықтан, азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттыру үшін мемлекет тарапынан осы буынды нығайтуға дұрыс көңіл бөлінуі керек.

Жеке детективтік агенттікті бекіту туралы заңды қабылдау кезек күттірмейді

Сот төрелігін қалыпты жүзеге асыру үшін сот процесіне қатысушылардың теңдігі заң жүзінде қамтамасыз етілуі керек, ол үшін адвокаттың дәлелдемелер жинау құқығы туралы норма бекітілгені дұрыс. Қазіргі уақытта қылмыстық қудалау органдарының қызметінде айыптау үкімі басымы, айыптау дәлелдерін жоққа шығаратын дәлелдер тергеу тарапынан да, сот тарапынан да қабылданбайды. Сондықтан ақтау үкімдері өте сирек шығарылады.

Елде жеке детективтік агенттікті бекіту туралы заңды қабылдау кезек күттірмейді. Ол үшін ел басшылығының қолдауы қажет. Жақын және алыс шетелдердің кейбір елдерінде мұндай агенттіктер бұрыннан бар және олар өте тиімді жұмыс істейді. Дәл осы институттар дамыған азаматтық қоғамның негізгі белгісі болып табылады.

Президент экономикаға шетелдік инвестицияларды тарту қажет екенін талай рет айтты. Ол үшін арнайы инвестициялық сот құрылды. Дегенмен, инвесторлар экономикаға капитал салудан әлі де қорқады. Мұндағы негізгі себептің бірі сот жүйесінің ашық жұмыс істемеуі мен сыбайлас жемқорлыққа байланысты.

Демократиялық мемлекеттердің даму тарихында сот тармағы әрқашан лайықты орын алады және ала да береді. Ал өз кезегінде әр мемлекет соттың дұрыс жұмыс істеуі үшін барлық жағдайды жасайды. Өйткені, сот бүкіл қоғамды заң мен құқықты құрметтеу рухында тәрбиелейді. Біз әлемнің алдыңғы қатарлы елдеріне бірнеше рет барып, олардың сот жүйесімен танысуға мүмкіндік алдық. Егер сот ісін жүргізу мен сот құрылысында алдыңғы қатарлы бастамалар біздің елімізде енгізілген болса, онда әрине, Президенттің өз жолдауында қоғам алдына қойған міндеттері алдымен іске асырылатын еді. Демек, азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттыру және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау үшін сот реформасы толықтай, жан-жақты жүргізілуі керек. Осы ретте «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі бірлескен комиссия құру маңызды.

Отставкадағы судьяларды зейнетақымен қамсыздандырудағы шектеуді заң жүзінде алып тастап, әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету, олардың сот жүйесінің қызметіне қатысуы туралы норманы бекіту керек. Соттардың жұмысын сөзбе-сөз түсіндіру және жеңілдету үшін салалық құқық нормалары жетілдіру маңызды. Сондай-ақ, «Адвокатура туралы» заңына өзгеріс енгізу, басқа елдердің үлгісі бойынша жеке детективтік агенттік құру туралы мәселені заңнамалық тұрғыдан шешу қажет. Судьяның отставкаға кету жасын алып тастап немесе 70 жасқа толғаннан кейін отставкаға кету мерзімін белгілеу керек.

Бұл сот саласындағы біз назар аударып отырған проблемалардың бір бөлігі ғана. Аталмыш мәселелерді шешу сот қателіктерін азайтады, сыбайлас жемқорлық көрінісінің деңгейін төмендетеді және сот жүйесіне деген сенімді арттырады.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ АЗАЯР ЕМЕС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жыл басынан бері жол көлік оқиғасының салдарынан 1,5 мың адам қайтыс болған. Оның 1 мыңы ер, 433-і әйел адам бар. Ал кемелетке толмай жол үстінде жан тапсырғандардың саны – 189. Ендеше, темір тұлпар ма, әлде табыт па?! «Бұл сауда – оңай сауда емес» дегендей, жол көлік оқиғасының жақсысы жоқ. Адам шығыны болмады дегеннің өзінде зардап шеккендер міндетті түрде табылады. 2023 жылдың қаңтар-тамыз айлары бойынша соқтығысқан көліктер салдарынан 11,9 мың отандасымыз жапа шеккен. Жараланғандардың саны – 10,4 мың. Жол көлік оқиғасына басты себеп – жүргізушілердің заң бұзуы. Жылдамдықты асырып, бағдаршам бұйрығына бағынбай, тәртіпті орындағысы келмейтін жүргізушілер көп. Темір тұлпар тізгіндеуге тәжірибесі тым аз болса да көбісі тәуекел етеді. «Тәуекел түбі жел қайық, өтесің де кетесің» деген бейқамдық жол үстінде кешірілмейді. Қазір жаяу

жүргіншілерге қатысты жол көлік оқиғасы көбейген. Өткен жылы 5 мың оқиға тіркелген. Жаяу жүргінші жолағын көрмейтін жүргізуші мен рұқсат етілмеген аймақты кесіп өткен жүргіншілер осы мыңдықты толтырған. Жолды бөлсе алмай сөйлеумен соқтығысқандар саны – 3,2 мың. Оқиға салдарынан аударылғандар саны – 1,2 мың. Көлікті меңгере алмай, кедергілерге соғылғандар саны – 514-ке жеткен. Осы тұста жүргізушімен қатар жаяу жүргіншінің де жауапкершілік таныту керектігін қоса айтқымыз келеді. Жаяу жүру жолағын тым асыра пайдаланатын жүргіншілер көп. Жүру мәдениеті қарапайым болса да, қаперге алмайтындар жетерлік. Негізінде, жол жүру бағытына қарап, жақын аймақта көлік қозғалысы жоқ екеніне көзжеткізіп барып жүргінші жолағымен аяндау керек. Ал бізде қалай? «Менің жолым, мен прав болмын» деген талайлар көлік келіп қалса да жолаққа аяқ басады. Арты қайғылы оқиғаға ұласып жатады.

Республикамызда жол көлік оқи-

ғасы көп орын алатын аймақтардың көшін Алматы қаласы бастайды. Жыл басынан бері 826 оқиға тіркелген. Үштікті Алматы және Жамбыл облыстары толықтырады. 600-800-дей көлік жүргізушісі жаңылған. Ал, ЖКО ең аз болған облыстар қатарындағы Ұлытау өңірінде – 42 жағдай тіркелген. Атырау және Қарағанды облыстарында да сауатты, тәжірибелі жүргізушілер көп. Жалпы, статистиканың сандарына сүйенсек, өңірлерде жол көлік оқиғасы көбейген. Елімізде 20 облыс бар болса, оның онында өсу көрсеткіші қалыптасқан. Жаңадан құрылған Абай және Жетісу облыстарында да ЖКО көптеп кездеседі.

Көлік сарапшылары біздің жүргізушілер арасында көлік жүргізу мәдениеті дамымаған дейді. Тар жолда түсініспей қалатынымыз да сол. Өзінің амандығы үшін өзгелер үшінде алаңдатушылық танытуымыз керек-мыс. Қарапайым қиылыстарда жол сұраған жүргізушіні өткізіп жіберудің өзі ЖКО-ның азаюына әкеледі екен. Жауапкершілік жайы

да жаға ұстатады. Рөлге ішімдік ішіп отыратындар және жүргізуші куәлігі жоқ немесе басқару құқығынан айырылғандар да көлік тізгіндеп жүр. Бұл өзіне де, өзгеге де жаны ашымау, тағдырмен ойнау деп баға беруге болатындай. Сонымен қатар, ауа райының қолайсыздығы, түнгі уақыттағы жарық жетіспеушілік жайы да ЖКО-ға әкеп соқтырады. Мәселен, түнде орын алған оқиға саны көбейген. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек ЖКО-ның 12 пайызы беймезгіл уақытта болған. Ымырт түскен шақтағы орын алған оқиғаның үлесі – 19 пайыз. Ал, ЖКО-ның 68 пайызы күндіз болған. Жол сапасы да жүргізушілердің қателесуіне көп әсер етеді. Ойық-тесіктерден доңғалағыңызды алып қашып жүргенде қарсы беттегі көлікпен соқтығысып қалуыңыз бек мүмкін. Жолдың тар салынуы да бір себеп. Бір ғана мысал Қызылорда облысының аумағын кесіп өтетін Қызылорда-Ақтөбе тасжолында ЖКО көптеп орын алады. Халықаралық маңызы бар жол – бір жолақты. Бір-біріне қарсы

түскен екі бағыттағы тас жолда адам өлімі көп. Алдындағы көлікті басып озам деп қарсы бағытқа шыққан талай жүргізуші өмірден озып кетті. Елді мекендерге тым жақын орналасқан магистральда мал қағып соқтығысқандарды да жиі кездестіруге болады. Жарықтандыру дегеніміз жоқтың қасы. Түн баласы көлік тізгіндегендерге тым қиын. Имандыңды үйіріп, Құдайыңа сыйынып, асқан сақтықпен ғана көлік басқарасын. Ауылдағы ағайын амалсыздан осындай қиындықты еңсеріп келеді. Бұл біздегі бір мысал. Елімізде тас жол көрмеген қанша аймақ бар.

«Жол сапасын көтеру ЖКО-ның санын азайтады», – дейді мамандар. Ол үшін шетелдік практикаға сүйеніп, ақылы жолдар санын көбейтуіміз керек-мыс. Елімізде 11 ақылы жол бар. Ақысына сай сапасы да көңіл қуантады. Кемі екі жолақты, жарықтандыру аймақтары бар, қауіпсіздігі жоғары. Көлік жүргізуші ретінде мамандардың бұл сұранысын қолдаймын.

Себеп те, салдар да, түйіткілді тұс та көп. Жол үстінде көп дүние кешірілмейтінімен, кешіре қарау керек мәселе де бар. Еліміздің аумағы үлкен, тас жолдар тым ұзақ. Қала мен қала арасындағы қашықтық та ЖКО-ға көп себеп тигізеді. Біздікі үйінен шыққан жүргізуші диттеген межесіне есен-сау жетсе деген ізгі тілек. Бұл дүниенің көлігі о дүниеге жеткізіп тастамасын деген ниет.

Ш.ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

ӨНДІРІС ИЕЛЕРІ ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ ӨСІМІНЕ НАРАЗЫ

Ұлттық экономика министрлігі Президент тапсырмасы бойынша жаңа Салық кодексінің әзірлеу кезінде қосымша құн салығын (ҚҚС) 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтеруді ұсынып отыр. Бұл құзырлы орган дерегіне, «ел экономикасы мен отандық бизнестің бәсекеге қабілетті болуына оң әсер етуші фактор».



Министрлік сөзінше экономикалық маңызы бар көрші РФ кәсіпкерлері ішкі нарықтарынан гөрі бізге тауар сатуды тиімді санайды екен. Өйткені, оларда салық 20%, ал бізде 12%. Осы жерде Ресей, өз кәсіпкерлеріне экспорт көлемін арттырғаны үшін нөлдік мөлшерлеме жеңілдігін береді. Сәйкесінше бұрын төленген 20% ҚҚС қайтарылады. Осылайша ресейлік кәсіпкер Қазақстан аумағында тауар сатқаны үшін бізге 12% ҚҚС төлеп, қалған 8%-ын өзіне қалдырады. Әрине бұл оған тиімді. Ал орын алған жағдай отандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігіне кері әсерін тигізуде. Осыған орай ҚҚС ставкасын 12-ден 16%-ға көтеру мәселені біржағынан біршама реттеп, екінші жағынан елімізге импортталатын тауарлардан мол пайда көруге мүмкіндік береді екен.

Отандық тауар өндірушілер ҚҚС мөлшерлемесін 12-ден 16%-ға дейін көтеруге қарсылығын білдірді. Олар салық мөлшерлемесінің ұлғаюы Қазақстанның өңдеу саласына кері әсерін тигізетініне, Орта Азияның басқа елдерімен салыстырғанда Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы төмендейтініне сенімді. Салдары керісінше импортқа одан әрі тәуелділік және күнделікті қолданыстағы тауар мен азық-түлік бағасының қымбаттауына әкеледі дейді.

Ал Ұлттық экономика министрлігі бұл тұрасында жергілікті тауар өндірушілерде салық жеңілдіктері болады деп жауап қатты. Қазақстандық тауарлардың бағасы көтерілмейді деген пікір айтылды. Мысалы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін шаруа және фермер қожалықтары ҚҚС-тан босатылған. Заңды тұлғалардан – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден, сондай-ақ азық-түлік

өнімдерінің жекелеген түрлерін (ет, нан, май, мал азығы және т.б.) өндірушілерден төлеуге жататын ҚҚС сомасы 70%-ға азайтылады, яғни олар 30%-ды ғана төлейді. Сонда отандық өндірушілердің төлейтін салық ставкасы 16% емес, 4% құрамақ. Және шикі құрғақ қант импорты да ҚҚС-тан босатылған.

Бірақ осы тұста Энергетика комитеті салық жеңілдігі, энергетикаға байланысты реттелмегендіктен ҚҚС-тың жоспарланған өсуі түпкілікті тұтынушы үшін бағаға әсер ететінін,

сондай-ақ шағын және орта бизнеске ауыр болатынын айтты. Өйткені, реттелмеген заңнама кесірінен, салықтың өсуі электр энергиясының құнының өсуіне алып келеді. Тарифтің өсімі өндіріс орындарының шығындарының өсуіне алып келеді. Ал тарифті ұстап тұру үшін энергетикалық кәсіпорындарды күрделі жөндеу, қызметкерлердің еңбекақысы және басқа да маңызды дүниелерге шығынды қысқартуға мәжбүр болады.

Бұл тұрасында «Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығының төрағасы Нұрлан Қапенов ҚҚС өсуі ЖЭК саласына және жалпы осы сектордың инвестициялық тартымдылығына теріс әсер ететінін айтты. «Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының» директорлар кеңесінің төрағасы Анатолий Шкарупа да осындай позицияны білдірді.

«Салық мөлшерлемесінің 12-ден 16%-ға өсуі біріншіден, бизнеске, оның шығынына әсер етеді. Екіншіден, салықтың өсуі оны тұтынушылар үшін тарифтер құнының өсуіне әсер етеді. Электр энергиясының құны көптеген тауар мен қызметтердің құнына негізделгені белгілі», – дейді мамандар. Ендігі тұста энергетика өкілдері түзетулерді көздейтіндерін жеткізді.

Дегенмен, Ұлттық экономика министрлігі көтерілген ҚҚС-ны 2025 жылдан бастап қолданбақ екен. Жаңа Салық кодексінің жобасын Парламентке келесі жылдың бірінші тоқсанында енгізу жоспарлануда. Ал ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Экономиканың тұрақты өсуі салық саясатының түсінікті және болжауға болатындай етіп жүргізілуіне тікелей байланысты», – деп баса айтқан еді.

Салық пайызының өсімі өз кезегінде одан түсер қаржы көлеміне де өз әсерін береді. Алдыңғы жылы біз рекордтық көлемде салық жинаған екенбіз. Бюджетке түсім 14,8 триллион теңгені құраған. Оның ішінде ҚҚС 4,2 триллион теңге, КППН 4 триллион теңге, қалғанын жеке табыс салығы, баж салығы, мүлік салығы, акциз, әлеуметтік салық құрады. Дегенмен, инфляция, мұнай бағасы, геосаяси тұрақсыздық сынды сыртқы фактор әсерінен жылдық жоспарды орындау кезінде бюджетте әлі де дефицит байқалады. Бірақ сол дефицит орнын салықты көтеру арқылы толтыру қаншалықты тиімді деген сауал туындайды.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Айбар ОЛЖАЙ, қаржы шолушысы:

«БҮЛ ДЕФИЦИТТІ АЗАЙТУ ЖОЛЫ»

Мемлекетке табыстың шығынға қарағанда тез өскені тиімді. Сол кезде бюджет дефициті қысқарып, Ұлттық қордан алынатын трансферт пен ішкі қарыздарды азайтуға болады. Салық түсімін көбейту арқылы дефицит 2 триллион теңгеге дейін түссе, онда ішкі монетарлы/фискалды тұрақтылық та күшейіп, сыртқы факторларға төтеп бере алу қабілетіміз артады.

Логикалық тұрғыдан қарасақ, дефицитті азайтудың екі гана жолы бар. Бюджет табысын (салықты) көбейту немесе бюджеттің шығынын азайту. Қазақстан бюджет шығынын әлеуметтік арнаға көбірек бұрып отырғандықтан, шығынды азайтуға бара алмайды. Онда қалатын жалғыз жол – салық көлемін өсіру. Демек, салық кодексіне қатысты барлық өзгерістердің негізгі идеологиясы – салық түсімін көбейту екенін ашық мойындау керек.

Түрлі факторларды бағамдай келе әлі де салық кодексінің детальды қарау маңызы байқалады. Артық қылам деп тыртық қылып, салық түсімі артып, бюджет толығымен деп отырған кезде, негізгі қаражат көлеңкелі экономикада қалып кетпесе игі еді деп білеміз. Бірақ бұндағы басты қорқыныш тараптардың пікірі ескерусіз қала ма деген жайт. Тарифтің бағасы онсызда өсіп, халық наразылығын тудырған еді. Оның үстіне инфляция пайызының өсуіне де бұл негізгі фактор. Алдағы міндет жыл соңына дейін инфляцияны 16%-дан 12%-ға, ал 2025 жылға дейін 5%-ға түсіреміз деген жоспар күл талқан болмай ма деген ой туады. Әрине ерте кезден топ пішу асығыстық болар. Десек те, мәселе жайын айтпай кетпекке болмас.

Нұрбол ЖЫЛЫС, «Заң газеті»

БАЙҚАУ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ҚЫЗМЕТІ БАЙҚАУ ӨТКІЗДІ

Жетісу облысында жалпы білім беретін мектептердің 7-10 сынып оқушылары арасында «Азаматтық қорғаныс саласындағы үздік мектеп» атты байқау өткізілді.

Оны азаматтық қорғаныс айлығы аясында және азаматтық қорғау органдарын дәріптеу мақсатында облыстық төтенше жағдайлар департаменті ұйымдастырды. Байқауға 168 жалпы білім беретін мектептерден 1008 оқушылар қатысты. Департаменттің баспасөз қызметінің маманы Назерке Арманқызының айтуынша, сондай-ақ, 241 338 оқушы қамтитын 742 жоғары білім беру мекемелерінде үгіт-насихат жүргізілді. Бұдан бөлек азаматтық қорғау саласында білімді насихаттау мақсатында, табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша 22495 адамды қамтитын 1956 үгіт-насихаттар мен рейдтік іс-шараларды өткізді.

«Бұл шаралар төтенше жағдайларда әрекет ету дағдыларын қалыптастыру және халық арасында ықтимал шығындарды барынша азайту мақсатында әзірленіп, бекітілген 2023 жылға арналған азаматтық қорғау саласында негізгі іс-шаралар жоспары бойынша өтті. Биыл азаматтық қорғаныс саласындағы іс-шараларды орындау мақсатында, 266 адамды оқыту жоспарланған. Оның 56-сы Азаматтық қорғау ұлттық орталығының базасында, 210-ы Төтенше жағдайлар департаменті базасында оқытылады. 8 айда жоспарланған 143 адамның орнына 160 адам оқудан өтті. Биыл сонымен қатар, оқу-жаттығу жоспары аясында 2045 оқу-жаттығу жиыны жоспарланған. 8 айда оның 1702-сі өтті», – дейді Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Данияр Тлеуханов. Оның сөзіне қарағанда, екі кешенді оқу-жаттығу, он командалық-штабтық жаттығу мен он арнайы тактикалық оқу-жаттығу аумақтық деңгейде. Өзгелері ұйымдардағы жиын. Атап айтқанда, 14-і ұйымдардағы кешенді оқу-жаттығулар, 104-і объектілік жаттығулар; 20-сы ұйымдардағы арнайы тактикалық оқу-жаттығулар; 370-і авариялық жағдайлар бойынша жаттығулар; 732-сі сейсмикалық жатығулар; 17-сі селге қарсы жаттығулар; 22-сі су жайылулар, су басулар, су тасқындары ықтимал аймақтардағы жаттығулар, 155-і оқу сабақтары; 46-сы өрт болған жағдайдағы эвакуациялық жаттығулар.

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

ПӘРМЕН

БІЛГЕН ЖӨН

ЗАҢСЫЗ АҢШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Заңсыз аңшылыққа қарсы заңнамаларды күшейтіп, барынша тосқауыл қойсақ та браконьерлерге толықтай тыйым сала алмай отырмыз. Осы орайда үш жыл бұрын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанда жан-жануарлардың, құстардың, балықтар мен өсімдіктердің ондаған түрі жойылып кету қаупінің алдында тұр. Табиғатты қорғау – мемлекеттік маңызы зор іс» – деген еді. Сондықтан заңсыз аңшылықпен күрес уақыт сұранысына сай елімізде үнемі жалғасып келеді.

Негізі елімізде аңшы күәлігі мен қару ұстауға рұқсат қағазы болмаса, аңға шығуға рұқсат етілмейді. Сонымен қатар, аңшылық нысанының арнайы рұқсаты керек. Құстар мен аң аулауға да рұқсат қажет. Бұл ережелер бұзылса, 10 АЕК көлеміне дейін айыппұл салынады. Құжаттар ішінде аңшы күәлігі, ҚР-ның салық заңнамасы белгілеген мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат қағазы, аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамалары, аңшылық атыс қаруын қолдану арқылы аң аулау үшін аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығын растайтын ҚР Ішкі істер органдарында берілген рұқсат қағазы мен жыртықш құстармен аң аулаған кезде жыртықш құстың паспорты болуы тиіс. Сонымен қатар, аңшылық құру үшін алынатын жолдама мен арнайы рұқсат алуға аңшы күәлігіне жарнасы төленгені жөнінде белгі міндетті түрде болуы шарт. Аңшылар жабайы аң-құстарды жолдамада көрсетілген аң аулау мерзімінде және мөлшері бойынша аулауы тиіс. Өкінішке қарай, елімізде бұл талаптарды сақтай бермейді. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» заң мен Қазақстан аумағында аң аулау ережелерінің талаптарын орындамаған азаматтар еліміздің қылмыстық және әкімшілік заң бұзушылықтар туралы кодекстер бойынша жауапкершілікке тартылады.

Сондай-ақ, елімізде «Браконьер» жедел-профилактикалық іс шарасы арқылы барынша еліміздегі аң құстарға араша түсуге тырысып келеміз. Айта кететін бір жайт, ішкі істер органдарында тіркелген қаруы бар бола тұра, аң аулауға рұқсат қағаздары жоқ күйінде далалық жерлерге шығып жүр-

ген жерінен ұсталса табиғатқа оның ішінде жабайы аңдарды аулап зиян келтіргендігі анықталмаса да Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 382-бабында көзделген, заң талаптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады. Ал заңсыз аң аулағаны анықталған жағдайда, Қылмыстық кодекстің 337-бабы «Заңсыз аңшылық» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалатын болады. Бұл бап бойынша қылмыскердің мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айырып салу, сол мерзімде түзеу жұмыстарына, сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Демек табиғаттың әр аң құсының сұрауы бар.

Жақында тағы да Мемлекет басшысы браконьерлікпен күресу үшін, заңнамаға тиісті түзетулер енгізуді Үкіметке тапсырды. Айта кетейік, бірнеше жыл бұрын ғана Қазақстанда браконьерлерге қатысты қылмыстық жауапкершілік күшейген болатын. Жаңа нормаларға сәйкес, заңсыз аң аулаған азамат 3 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Ал жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға қарсылық танытып, тіпті күш көрсететіндер 10-нан 15 жылға дейін сотталады.

Ж.АГЕДИЛОВА,
Ұлытау аудандық сотының
төрағасы міндетін атқарушы
ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

ЭЛЕКТРОНДЫ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТИІМДІЛІГІ АРТТЫ



Гүлнұр КУПISOVA,
Ақтөбе қалалық соты
әкімшісінің
бас маманы-сот
отырысының хатшысы

Сот төрелігін жүзеге асыруға, жеңілдетілген тәртіппен істерді қарау мерзімдерінің қысқаруына электрондық іс жүргізудің енгізілуі септігін тигізуде. Қазіргі таңда елімізде электронды сот ісін жүргізудің арқасында саладағы жұмыстар біршама жеңілдеп, ашықтық пен жариялылыққа да ықпал еткенін байқап отырмыз. Осы орайда атап өтер жайт, еліміздегі сот жүйесі алдыңғылардың бірі болып сандық жүйеге көшті. Оның басты игілігін елміде жайлаған пандемия кезінде, барлық жер карантинге жабылғанда да қатты сезіндік. Сот саласының мамандары «қазір соттасатын уақыт емес» деп, халықты барынша сабырға шақырып, істі сотқа жеткізбей шешуді өтінгенімен, кейбір кезек күттірмейтін сот істері онлайн сот арқылы жүргізіліп, шешім шығарылып жатты.

Халық онлайн арызданып, қашықтан сотқа қатысып, үйінде отырып-ақ сот шешімін естіп жатты. Индет өршіп, ұлт денсаулығын сақтау басты мақсат болып отырған кезеңде маңыздысы да осы еді. Онсыз да жүктемесі ауыр судьялар істер

қордаланып жатып қалмау үшін онлайн сот отырыстарын өткізіп, жол таба білді. Қазіргі таңда сол кезден басталған игі іс жалғасын табуда. Сот мамандары түгелі халық та сотқа онлайн қатысудың игілігін сезініп жатыр. Жалпы, жүйенің уақытылы сандық жүйеге бейімделуінің арқасында сот жүйесі заманауи ақпараттық технологиялар арқылы электронды іс қағаздарын жүргізіп, сот істерін уақытылы атқарып, үлкен жұмыстар жасады. Мәселен, «Сот кабинеті» сот органдарының электрондық сервистеріне қол жеткізуге арналған бірыңғай терезе болса, электронды сот ісін жүргізуді дамытуға, оның ашықтығы мен қолжетімділік деңгейін арттыру мақсатында «Мобильді сот кабинеті» және «Процесске қатысушының күнтізбесі» сервистері жұмыс жасайды. Бұл, жалпы, халықтың уақытын үнемдеп қана қоймай, саланы алға сүйреді.

Мысалы, «Мобильді сот кабинеті» сервисті кез келген тұлға немесе заңгер, адвокаттар, мамандар өздерінің ұялы телефондарына қондыру арқылы еліміздің сот жүйесіндегі жаңалықтарды қарауға, онлайн режимінде жоспарланған сот отырыстары туралы ақпаратпен танысып, сот отырысының өтетін күні, орны және уақытын біліп отыруы мүмкін болды. Саланың онлайн қызметі арқылы сотқа ұсынылған барлық құжаттарды қадағалап және қажетті құжаттарды жүктей алады. Ең бастысы, сандық жүйенің арқасында судьялар қарайтын істер автоматтандырылған жүйе арқылы бөлініп отырады. Бұл сала адам факторы араласпай, істердің арнайы жүйе арқылы бөлініп, жемқорлықтың алдын алуға да өзінше оң ықпалын тигізді. Халықтың сот жүйесіне сенімін арттырды. Сот са-

ласы мамандарының басты мақсаты да осы – халықтың сенім үдесінен шығу болатын.

Осындай артықшылықтарының арқасында қазір күнделікті сот тәжірибесінде соттар IT технологиялар және ғаламат ресурстарының мүмкіндіктерін көбірек пайдалануға ден қойған. Жаңа технологиялар сот ісін жүргізу уақытын елеулі түрде қысқартып, сот жұмыстарының көрсеткіштерін оңтайландырып, ең бастысы, халықтың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етуге өте қолайлы.

Сондай-ақ, бірыңғай электрондық құжат айналымы сот саласы мамандарын қағазбастылықтан құтқарып қана қоймай, уақытты үнемдеуге, түрлі шығындарды азайтуға айтарлықтай ықпалын тигізуде. Ал құжат айналымының электрондық тәртіпке көшуі мемлекеттік мекемелер қызметінің ашықтығын қамтамасыз етіп отырғаны байқалады. Кез келген жерде отырып, қолындағы ұялы телефонымен сот отырысына қатысу халыққа да қолайлы болып отыр.

Жалпы, сот жүйесінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді жеңілдетіп, бюрократиялық кедергілерді жойып жатқандықтан, саланың дер кезінде заман сұранысына қарай бейімделуі көпшіліктің көңілінен шығып тұр. Осы орайда, сот отырыс залдарын 100 пайыз дыбыс-бейне жазу құрылғысымен жабдықтау арқылы сот отырысын жүргізу барысында туындайтын даулы сәттердің алдын алуға мүмкіндік туды, соттармен де, түзеу мекемелерімен де қашықтан сот отырыстарын өткізуге мүмкіндік берді. Сондықтан халық игілігі үшін алдағы уақытта да заманауи ақпараттық технологиялар енгізіле бермек.

Бұрын тек заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер өзіне қатысты банкроттық рәсімін қолдана алатын еді. 2023 жылғы 3 наурыздан бастап бұл мүмкіндік жеке тұлғаларға да берілді.

АЗАМАТТАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ



«ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» 2022 жылғы 30 желтоқсандағы заңына сай жеке тұлғаларға соттан тыс және сот арқылы банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану көзделген.

Сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беру үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және арыз берілген күнде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын міндеттемелердің болуы және мынадай:

1) кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша осындай арыз берілген күнге қатарынан он екі ай ішінде өтеудің болмауы;

2) борышкерге қатысты «ҚР банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» заңдарға сәйкес банктік қарыз шарты және микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі шарттарына сәйкес келуі сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болады.

Осы тармақшада көрсетілген берешекті реттеуді және өндіріп алуды жүргізу жөніндегі шараларды мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап он сегіз айдан аспайтын мерзімдерде жүргізу қажет;

3) арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану фактісінің болмауы шарттарына сәйкес келуі сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру

немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз.

Барлық міндеттеменің мөлшері (оның ішінде орындалу мерзімі басталмаған) өзіне тиесілі мүлктің құнынан аспайтын борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызбен ғана сотқа жүгінуге құқылы екенін ескерген жөн.

Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында береді.

Борышкердің арызы заңның 20-бабына сай келмейтін болса, сот оған қарамастан кері қайтаратыны ескерілуі қажет.

Азаматтық процестік кодекс талаптарына сай сот арызды ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайды.

Заңның 20-бабында белгіленген шарттар орындалған жағдайда сот арыз келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей іс қозғау туралы ұйғарым шығарып, екі жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысын тағайындауға міндетті.

Іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап мынадай салдар басталады:

1) арызда көрсетілген борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептеледі;

2) арызда көрсетілген кредиторлардың борышкерден міндеттемелерді орындауды талап етуіне тыйым салынады;

3) арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды)

және сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;

4) борышкердің өзіне жаңа ақшалай немесе мүлктік міндеттемелерді қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салынады;

5) кредиторлардың мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан борышкердің мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептеледі;

6) Қазақстан шегінен тыс жерлерде емделу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеу қажет болған жағдайларды қоспағанда, борышкердің Республика шегінен тыс жерлерге шығуына тыйым салынады;

7) борышкердің банктік шоттарынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкінен өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді;

8) борышкерге талаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің шеңберінде ғана қойылуы мүмкін;

9) борышкердің мүлкіне қатысты соттардың бұрын қабылданған шешімдерінің орындалуы тоқтатыла тұрады;

10) мемлекеттік органдардың, өзге де органдар мен ұйымдардың борышкер мүлкіне беруге, мүлктік міндеттемелерді төлеуге немесе өзге де тәртіпмен орындауға міндетті болатын шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады.

Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімді сот қаржы басқарушысының қорытындысын ескере отырып қабылдайды. Сот арқылы банкроттық рәсімінің мерзімі сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімді заңды күшіне енген күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімді құрайды.

Заңның алты ай бұрын қолданыста енгізілуіне байланысты аталған санаттағы істерді қарау тәжірибесі әлі қалыптаспады.

Атырау қалалық сотының өндірісінде екі азаматтық іс бойынша сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыздары қанағаттандырылған. Кредиторлар шешімдермен келіспей, апелляциялық шағым беріп, істер сот алқасына қарауға жолданған. Шешімдер заңды күшіне енген жоқ. Әрине, алдағы уақытта жаңа заңның халқымыздың әл-ауқатын арттыруға оң қорытындыларын тигізетініне сенімдіміз.

Гаухар КАЖГАЛИЕВА,
Атырау қалалық
сотының судьясы

КИЕ

ТІЛ ЖОҒАЛСА – ҰЛТ ЖОҒАЛАДЫ

Қазақстан егеменді, тәуелсіз ел. Қазақстанды дамыған өркениетті елу елдің қатарына енгізетін біздің болашағымыз – бүгінгі жастар. Олардың міндеті – елінің намысын қорғап, оны әлемге таныта білу. Әлемге таныту үшін әр жас өзінің тарихын, тілін жетік білуі керек. Қазақ тілі – Қазақстанның тұрғылықты халқы қазақ халқының және оның шекарасынан тыс өмір сүріп жатқан қазақтардың ұлттық тілі. Қазіргі қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Қазақ тілінің сөздік құрамы өте бай, оған 67 мың тізімдік сөз, 24,5 мың фразеологиялық тіркес – барлығы 91,5 мың лексикалық бірлік кірген бір ғана он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» кәз бола алады.

Қазақ тілі түркі тілдерінің (солтүстік-шығыс ареал) қыпшақ тобына кіреді (татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қырым-татар, қарақалпақ, ноғай) және ол, әсіресе, ноғай, қарақалпақ тілдеріне жақын болды.

Қазақ тілі ең көне бастауын әр кездегі ежелгі түрік жазулары ескерткіштерінен: Талас-Орхон-Енисей жазулары (5-8 ғ.ғ.), Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғатат-түрік» еңбегі, Ахмет Йүгінекидің «Нибат Ұл нақайық» еңбегі, Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметі» (10-12 ғ.ғ.), Алтын Орда, Шағатай және қыпшақ (13-14 ғ.ғ.) тұсындағы жазулардан алады.

Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінің дәстүрлері мен тілдік нормаларында қалыптасқан, кейінгі кезде ақындар, жыраулар мұрасы арнасына құйылған, ұлы Абай мен Ыбырай шығармашылығы арқылы бізге жеткен қазіргі қазақ әдеби тілі. Қазақ жазуы 1929 жылға дейін араб графикасын, ал 1929–1940 жылдары латын графикасын қолданған. 1940 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін орыс графикасын қолдануда. Қазақ тілі – дәстүрлі, тұрақты, қатан тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, жалпы халықтық тілден ұлттық деңгейге көтерілген тіл.

Ерлан ҮШБАЕВ,
Шахтинск қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының
судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған азаматтар, сондай-ақ жүйеге бір де бір рет төлем жасамаған немесе оны жүйесіз жүргізген дербес төлеушілердің барлығы бұл мүмкіндікті қалт жібермеуге тырысады.

– Ал осы жүйе аясында көрсетіліп жатқан қызметтің сапасы жайлы не айтасыз? Байқауымызша жұртшылық тарапынан бұған қатысты базаны баршылық. Көпшілігі емханалардағы қаптаған кезекке наразы.

– 2023 жылғы 1 ақпаннан бастап емханалар қызметі үшін сызықтық шкала енгізілді. Бұған емханалардағы медициналық қызметті тұтынушының бақылаусыз және негізсіз өсуі түрткі болды. Мұның басты себептерінің бірі – көлемдерді бірлесіп орындауға беру. Бүгінде осындай шартпен медициналық ұйымдардың 80 пайызы жұмыс істеуде. Мұндай медициналық ұйымдар халық үшін сапа мен аумақтық қолжетімділікті қамтамасыз ете алмайды. Осыған байланысты, медициналық қызмет көрсетушілерге қойылатын талапты қатаңдату және бірлесіп орындауға берілетін медициналық көмектің шекті көлемін белгілеу мәселесі де пысықталуда.

Қазақстанда халықаралық тәжірибеге сай қызмет көлемін басқару үшін 2012 жылы стационарлық қызметтерге сызықтық шкала енгізілді. Бұл орайда медициналық қызметтің жекелеген түрі бойынша қосымша ақы төленеді. Ол балалар мен ересектердің онкологиясы, жоғары технологиялық операциялар, инфекция, босану және стационарлық жағдайда балаларға медициналық көмекке жұмсалды. Ал басым бағыттар бойынша, атап айтқанда жүкті әйелдерді бақылау, профилактикалық тексеру, онкологиялық науқастарға арналған қызметке сызықтық шкала қолданылмайды.

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 19 сәуірдегі елдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңесте берген тапсырмасы аясында, қордағы Денсаулық сақтау министрлігінің шашыраңқы ақпараттық жүйелерінен төлем функционалын ауыстыруды ескере отырып, шарттар жасасу және жүргізу процестерін цифрландыру, мониторинг, медициналық көмекке ақы төлеу жөніндегі «Е-Денсаулық» бірнұсқалық цифрлық платформасы шеңберінде «Медициналық көмекке ақы төлеудің бірнұсқалық жүйесін» дамыту жобасы басталды. Оған сақтау орталығының сарапшылары мен Цифрлық үкіметті қолдау орталығының мамандары тартылды.

– МӘМС-ке бөлінген ақша қыруар. Бұл қаржыға не істелінді? Көпшілік әзірге МӘМС басында отырған бір топ қызметкердің қомақты айлық алатынынан басқа ақпараттан бейхабар. Ал, медициналық қызметтің сапасы сол баяғы қалпында сияқты.

– Қазақстанда МӘМС-ті енгізу бірінші кезекте азаматтардың әлеуметтік және экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы әрі қолжетімді медициналық көмектің жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттігінен туындады. Денсаулық сақтауды қаржыландырудың жаңа тетігін құру және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна мен аударым жасау арқылы мемлекет, жұмыс беруші мен халық арасында қаржылық жүктемені әділ бөлу көзделді. Бұл ретте мемлекет МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан әрбір азаматқа қолжетімді тегін медициналық



Аяя МҰХАМЕТҚАЛИЕВА, Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаментінің директоры:

«ҚОР МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ САПАСЫН ДА, КӨЛЕМІН ДЕ АРТТЫРДЫ»

көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етумен қатар, халықтың әлеуметтік осал тобын, оның ішінде балалар, жүкті әйелдер, мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер, жұмыссыздар және тағы басқа азаматтар тобын қорғау жауаптылығын өзіне қалдырды. Бүгінгі таңда мемлекеттік бюджеттен 15 жеңілдік санатына кіретін 11,7 млн адамға аударым жүргізіледі.

МӘМС денсаулық сақтау жүйесін біртіндеп қаржыландырып, өзінің негізгі міндетінің бірін орындап отыр. 2019 жылы халықтың медициналық қызметтерге қажеттілігіне 1,3 трлн теңге бағытталды. Салыстыру үшін айтар болсақ, 2010 жылы бұл көрсеткіш екі есе төмен, яғни – 562,8 млрд теңге еді. МӘМС жүйесі енгізілген 3,5 жыл ішінде қаржыландыру екі есе артты. 2021 жылы бұл көрсеткіш 1,8 трлн теңгеге, 2022 жылы – 2,2 трлн теңгеге өсті. 2023 жылы медициналық көмекті қаржыландыруға 2,5 трлн теңгеден астам қаражат қарастырылды. Оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қаржыландыру 1,3 трлн теңгеден 1,4 трлн теңгеге өсті. Бұл орайда медициналық қызметтің негізгі тұтынушысы – азаматтардың жеңілдетілген санаттарына жұмсалған шығыс – МӘМС-тің жалпы көлемінің 73,4 пайызына тең.

МӘМС есебінен дәрігер қабылдаулары, зертханалық талдаулар және диагностикалық зерттеулер қолжетімділігі 7 есе артты. Мысалы, бейінді мамандардың консуль-

тациялары мен диагностикалық зерттеулер саны 20 миллионнан 142 миллионға дейін өсті. 3 жарым жыл ішінде қазақстандықтарға 13 млн стоматологиялық қызмет көрсетілді. Оның 11 млн-ы балаларға бағытталды. Пациенттерге медициналық оңалту қолжетімді бола түсті. 2022 жылы 253 мың адам МӘМС есебінен стационарларда медициналық оңалтудан өтті. Жоғары технологиялық медициналық көмекті қаржыландыру 3 жарым есе өсті. МӘМС енгізілгені жоғары технологиялық медициналық көмек 4 есе көп көрсетіле бастады. Қор ауқымды жұмысты атқарады. Сол себепті ол білікті адами ресурстарды, техниканы және ақпараттық жүйелерді қажет етеді.

– Мемлекет басшысы айтқан мәселелердің бірі медициналық көмектің мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеттеріне жасанды бөлінетіндігі. ТМҚК және МӘМС жүйесі шеңберіндегі медициналық қызметтердің ағымдағы пакеттерін алу өте күрделі. Неге?

– Бұл мәселе бойынша нақты шаралар қолға алынды. Қор Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, ТМҚК және МӘМС пакеттерін кезек-кезеңімен жетілдіру, оның ішінде халықаралық тәжірибені ескере отырып, ұсыныстарды қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Еске сала кетейік, Қазақстан азаматтарының ерікті медициналық сақтандыруға қатысу құқығына шектеу жоқ. Бұл құқық «Халық денсаулығы және

денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 77-бабының 5-тармағында бекітілген. Әрбір азамат тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс және МӘМС жүйесінде өз қаражаты, ұйымдардың қаражаты есебінен, сондай-ақ ерікті медициналық сақтандыру жүйесі және ҚР заңнамасына сәйкес өзге де көздер есебінен қосымша медициналық көмек ала алады.

– Қазір қаптаған медициналық орталықтан аяқ алып жүре алмайтын халге жеттік. Ішінде бірде-бір құрылғысы жоқ, әр сала мамандарын екі-үш сағатқа шақырып, ақша жасап отырған мұндай медорталықтар жұмысын кім қадағалайды? Таныс-туысының тізімін жасап, пайда тауып отырған мұндай орталықтар жалпы денсаулық саласына көлеңке түсіреді деп ойламайсыз ба?

– Денсаулық сақтау министрлігі өзінің бақылау функциялары шеңберінде, сондай-ақ Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры КеАҚ көрсетілген медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне бақылау мен мониторингті жүзеге асырады. Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінде медициналық көмек көрсету тәртібін, стандарттарын сақтамағаны және сапасыз қызмет

дарды ұстай алмайды, жабдықтар сатып ала алмайды және сәйкесінше барлық тіркелгендер басқа клиникаларға бірлесіп орындауға жіберіледі. Осы жерден бірнеше проблема туындайды. Біріншісі – пациентке медициналық көмектің қолжетімділігіне кедергі жасау, тест тапсыру, кардиолог/невропатологпен кеңесу немесе рентгендік тексеруден өту, ультрадыбыстық, КТ/МРТ – мұның бәрін пациент өз емханасында ала алмайды. Екінші мәселе – бірлесіп орындаушылар мен үшінші тарап ұйымдары алдындағы кредиторлық берешектің қалыптасуы, шағын клиникалардың күрделі қаржылық жағдайы. Пациенттердің шағын базасымен аурудың алдын алу және ерте диагностикалау бойынша тиімді бағдарламаларды ұйымдастыру қиынырақ. Тиісінше, диагностиканың сапасы, медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жұмысы зардап шегеді, Сонымен қатар, профилактикалық бағдарламаларға қолжетімділік шектеледі. Тіркелген халықтың аздығынан ұйым экономикалық ауытқуға шыдамауы мүмкін. Мұның бәрі қызметкерлердің қысқаруына, бөлімшелердің жабылуына немесе тіпті, бүкіл ұйымның жабылуына әкелуі мүмкін. Бұл ретте, бұл норма әкімшілік-аумақтық бірліктегі жалғыз субъект болып табылатын МСАК субъектілеріне

қолданылмайтынын, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған МСАК субъектілері үшін өтпелі кезең көзделгенін атап өткен жөн.

– Қазір дәрігерлердің біліктілігіне қатысты да айтылар сын аз емес. Соның салдарынан мүгедек болып қалып жатқан, мезгілсіз көз жұмған азаматтар да бар. Дәрігерлер қателігін, жауапсыздығын қайтсек жоямыз?

– Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында кадрлық қамтамасыз ету, соның ішінде оларды бақылау бойынша функция жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне берілген. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс нормаларына сәйкес, клиникалық практикамен айналысу денсаулық сақтау саласындағы мамандыққа тиісті сертификаты болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау саласындағы маман үздіксіз кәсіби даму үшін біліктілікті міндетті түрде арттыру керек. Сертификаты бар дәрігерлер мамандығы бойынша үш жылдан астам жұмыс өтілі үзілгенде уәкілетті орган аккредиттеген ұйымда біліктілігін арттырып, тағылымдамадан өткеннен және кәсіптік даярлығын бағалағаннан кейін тиісті мамандық бойынша жұмысқа жіберіледі.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАҒАЛИ,
«Заң газеті»



ЕСІРТКІГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ СОҢЫ – ҚЫЛМЫС

Есірткі – қоғам дерті, ғасыр індеті. Ел ертеңіне алаңдаған кез келген мемлекетте есірткімен күреске айрықша назар аударылады.

Дүниежүзіндегі барлық мемлекет есірткінің таралуына шектеу қойып, кеселмен күрес бойынша ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Соның ішінде Қазақстан да есірткіге қарсы күресті мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде белгілеп, нашақорлық пен есірткі

бизнесіне қарсы кешенді бағдарламаны іске асыруда.

Нашақорлық – әлеуметке ортақ проблема. Есірткі – адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті химиялық зат. Ол адамның есін алып, құмарлық жиілігіне

ұшыратады, есірткісіз өмір сүре алмайтын халге түсіреді.

Грек тілінде ұйқы мағынасын білдіретін «narke» сөзі, ағылшын тілінде «narco» деген сөзге айналып, ұйықтау, жансыздандыру, сезімсіздендіру деген мағынаны береді. Нашақорлыққа көбінесе, жасөспірімдер шалдығады, алайда қазіргі кезде ересектер арасында да есірткінің зиянын шегіп жүргендер баршылық.

Есірткі адам өміріне кері әсер етіп, отбасынан, қоғамнан алыстатады. Есірткіге тәуелділіктің соңы қылмысқа алып барады. Әсіресе, жастар тыйым салынған затқа әуес. Жастардың есірткіге құмарлығы білместіктен, қызығушылықтан басталады. Осылайша таңсық дәмді көрсем деген жастық әуестіктің соңы бірте-бірте есірткілік тәуелділікке ұласады.

Мұндай жағдайға жол бермес үшін әрбір ата-ана бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, отбасындағы тәрбие құндылығын арттыру арқылы ұрпағына зиянды әрекеттер туралы кеңінен ақпарат беріп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсіндіріп отырғаны абзал.

Есірткіні таратуға қарсы күрес шаралары жүз жылдан аса уақыттан бері жүргізіліп келеді. 1987 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 26 маусымды – Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күні деп белгіледі.

Қорыта айтқанда, адамға берілген құндылық – өмір болса, сол өмірді дұрыс сүру, тәрбиелі ұрпақ өсіріп, елге адал қызмет ету маңызды болып қала бермек.

Алматы қаласы Алатау ауданының прокуратурасы

БІР МҮДДЕ

ҚОҒАМ БІРЛІГІ МЕН ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Орал қаласының Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін дәріптеу» тақырыбында республикалық дәріс өтті. Дәріс аясында дөңгелек үстелдер, презентациялар өткізілді.



ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІН ДӘРІПТЕУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЛЕКТОРИЯ

ОРАЛ ҚАЛАСЫ 2023 ЖЫЛ

Жобаның мақсаты – этносаралық қатынастар мәселесі бойынша республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелерін, қазақ зиялыларының өкілдерін, мәдениет, ғылым қайраткерлерін, журналистерді тарта отырып, қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің қазақстандық моделін дәріптеу.

Маңызды шарада бас қосқандар Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты жолдауында, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділ Қазақстанның экономикалық курсы» атты Қазақстан халқына жолдауында белгіленген Ассамблея қызметінің басымдық бағыттарын, Батыс Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы, жастармен жұмыс, т.б. негізгі қызметін талқылады.

БҚО әкімдігі ҚДБ «Қоғамдық келісім» КММ басшысы Медхат Қамбетов жүргізген іс-шараның алғашқы спикері – ҚР Еңбек сіңірген өлкета-

нушы, Ұлан-Батор қаласындағы Шыңғысхан атындағы Дүниежүзілік академияның Құрметті академигі, «Халық үміті» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекші ғылыми қызметкері Ғизат Табылдин «Батыс Қазақстанның киелі географиясы және Қазақстанның кейінгі Орда кезеңі» тақырыбына баяндамасында таныстырылым жасады.

Келесі кезектегі баяндамашы – тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Өмірбай Бекмағанбетов «Қазақстан тұтастығы – қауіпсіздігіміздің басты кепілі» тақырыбына тоқталды.

Жастармен жұмыс туралы және Ассамблеяның заманауи имиджін қалай қалыптастыру туралы ой бөліскен «Жастар ассамблеясы» РҚБ төрағасы Тимур Жұмырбаев Батыс Қазақстан облысы ҚХА «Жастар Ассамблеясы» РҚБ жұмысына жоғары баға берді. Сонымен қатар ол жалпы Жайық өңірінде облыстық, республикалық деңгейдегі

жобаларды алға тартып жүрген талантты жастардың бар екенін атап өтті.

Бұдан кейін сөз алған БҚО ҚХА татуластыру орталығының басшысы Алуа Рахисева «Этносаралық қатынастардағы медиация» тақырыбын



ОРАЛ ҚАЛАСЫ 2023 ЖЫЛ

тілге тиек етсе, БҚО ҚХА төрағасының орынбасары Данильбек Саратов «Толеранттылықты күшейту және дамыту, келісім мен бірлікті арттыру туралы» толғады.

Дәріс соңында БҚО қоғамдық даму басқармасының басшысы Гүлжанар Шөкеева

бүкіл әлем жаһандық өзгерістерге ұшырап жатқан тұста қазақстандықтардың бірлігі, тұрақтылығы пен ынтымағы мемлекеттің тұрақты дамуына тікелей ықпал ететін басты құндылықтар екенін атап өтті.

«Біз жаңа тарихи дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Қоғамның өмірі, экономикасы, технологиялары түбегейлі өзгерді, бірақ бұл өмірде өзгерістер көп болғанымен, тұрақты құндылық бар. Ол – қоғамның бірлігі, ұлтаралық келісім», – деді Гүлжанар Болатқызы.

Дәріске Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының барлық құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері, БҚО қоғамдық даму басқармасының және БҚО әкімдігінің «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлері, өңірдің ғылыми және шығармашылық зиялыларының өкілдері, сондай-ақ облыстың БАҚ өкілдері қатысты.

Республикалық дәріс Дарьинск, Теректі кенттеріндегі Достық үйінде жалғасын тапты. Іс-шара нәтижесінде зиялы қауым, ғылыми және азаматтық қоғамдастық өкілдері қарым-қатынас жасай алатын, пікір алмасатын және тәжірибе алмасатын, сондай-ақ қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікке байланысты мәселелерді талқылайтын диалог үшін платформа құру көзделуде. Бұл онлайн және офлайн режимінде вебинарлар, форумдар, конференциялар, дөңгелек үстелдер немесе басқа іс-шаралар

ӨҢІРЛІК ДАМУ

Мемлекет басшысының жолдауында автомобиль жолдарын, оның ішінде жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын салу сапасына ерекше назар аудару қажеттігі айтылған.



ЖОЛ ҚАДІРІН ЖҮРГЕН БІЛЕР

«Автожол құрылысына, соның ішінде жергілікті жолдардың сапасына баса мән беру керек. Бюджеттен қыруар қаржы бөлінсе де, бұл мәселе әлі шешімін таппай отыр. Мен 2025 жылға дейін жергілікті жолдардың кемінде 95 пайызын жақсарту жөнінде тапсырма бердім. Үкімет бұл мәселені тікелей бақылауға алсын. Жол құрылысындағы заңсыздықтарды анықтау қажет. Бұл жұмыстан нақты нәтиже шығару керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Батыс Қазақстан облысында бұл мәселе қалай шешілуде? Әсіресе, күн қабағын бұлт шалып, жаңбыр тамшылай бастаса, аяқ алып жүргізіп батпаққа айналатын Бөкейорда, Жәнібек аудандарының жолына деген жолаушылар наразылығы талай мәрте айтылып та, жазылып та жүр. «Жол қадірін жүрген білер» дегендей, бұл жолдардың бейнеті мен машақатын жауын-шашынды күндері көлігі тайып немесе батпаққа белшесінен батқан жолаушылардан артық білетін жан болмас, сірә?

Осы орайда автожолдарды салу және жөндеу мәселесі өңір басшысы Нариман Төреғалиевтің әрдайым назарында екенін айта кету керек. Жұырда облыс басшысының қатысуымен өткен жиында осы мәселеге баса назар аударылды. Кеңесте Казталов, Бөкейордасы және Жәнібек аудандарын облыс орталығымен байланыстыратын 245 шақырым жолды жөндеу жұмыстарының 2019 жылдан басталғаны айтылды. Төрт жылдың ішінде, яғни 2019 жылдан 2022 жылға дейін осы жол учаскесінің 125 шақырымы (жылына орта есеппен 31 км) жөнделді.

Әкімдік тарапынан жүргізілген тікелей бақылаудың арқасында ағымдағы жылдың бес айында (сәуір-тамыз) 73 км асфальт төселді. Қалған 47 км жолды жөндеу кестеге сәйкес жүргізілуде. «ҚазАвтоЖол» компаниясы аталған жол учаскесін жыл соңына дейін аяқтауға ниетті.

Қаржыландырудың жетіспеушілігі, техника тапшылығы және арнайы автоматтандырылған өлшеу жүйелерінің болмауы – Батыс Қазақстан облысындағы автомобиль жолдарының сапасына және қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты негізгі проблемалық мәселелер.

БҚО бойынша жолаушылар көлігі және автожолдар басқармасының басшысы Айдар Менеєвтің айтуынша, облыс аумағымен өтетін жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 4762,1 км, оның ішінде 1620 км – облыстық, 3142,1 км – аудандық маңызы бар жолдарды құрайды. Облыстық маңызы бар 1620 км автожолдарды ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау бойынша жұмыстар жүргізу үшін 13 учаске бөлінді, оларда 9 мердігер ұйым жұмыс істейді. Мердігерлік ұйымдардың қарамағында маусымдық жұмыстарға арналған 86 бірлік арнайы техника және патрульдік бақылау жүргізуге арналған 30 жеңіл автотөлік бар.

– Ағымдағы жылы жолдарды күтіп-ұстауға 726,0 млн теңге бөлінді. Бұл қаражатқа шұңқырларды жөндеу, жолдарды белгілеу, жол жиектеріндегі шөпті шабу, белгілерді орнату және жолдарды қырып тегістеу жұмыстары жүргізілді. Мердігерлік ұйымдармен келісімшарттардың қолданылу мерзімі ағымдағы жылдың 31 желтоқсанында аяқталды. Қазір 2024-2026 жылдарға арналған конкурсты өткізуге құжаттар дайындап жатырмыз. Оларға жол жағдайларын жақсарту мақсатында қосымша талаптар енгізу көзделуде. Аудандық маңызы бар 3142 км автожолдарды ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау бойынша жұмыстарды жүргізу аудан әкімдіктерінің құзыретіне кіреді, – деді Айдар Менеєв.

Жолдарды қыс мезгілінде күтіп ұстауға 16 200 тонна құм мен тұз қоспалары дайындалады. Сондай-ақ, «ҚАЗСЕРВИС» ЖШС БҚО филиалы мемлекеттік сатып алу порталында 8500 тонна құм-қиыршық тас қоспасын және 10 000 дана қап сатып алу бойынша конкурс жариялады.

Кеңес барысында облыс әкімі Нариман Төреғалиев жолға қатысты барлық өзекті мәселелерді жеке бақылауда ұстайтынын тағы да еске салды. Ол облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына заң шеңберінде жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын алдағы мерзімге ағымдағы жөндеуге және күтіп ұстауға конкурс жариялау кезінде техникалық ерекшелікке сәйкес талаптарды қатаңдатуды тапсырды. Сондай-ақ, мердігерлік ұйымдардың техникалық базасын нығайту, қысқа дайындығын қадағалау және инертті материалдарды толық көлемде дайындауды қамтамасыз ету де назардан тыс қалмайды. Бұл жұмыстардың сапасы мен қорытынды нәтижесін қыр астына жақындап қалған қытымыр қыс көрсетер.

Бетті дайындаған Айгүл АХМЕТОВА, «Заң газеті»

ІНДЕТ

ПАРА АЛУ ДА, БЕРУ ДЕ – ҚЫЛМЫС

Парақорлық сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті көріністерінің бірі. Қылмыстық жауапкершілікке пара алатын шенеуніктермен қатар, пара беретін тұлғалар да тартылады. Олар пара бергені үшін 15 жылға бірден сотталады және сыбайластықпен жинаған арам дүниесінің түгі қалмай тәркіленеді.

Лауазымды адамның қорқытуымен пара берген немесе өз еркімен құқық қорғау органына хабарлаған пара беруші қылмыстық жауапкершіліктен босатылады. Пара алу бостандық пен болашақтан айырады. ҚР Қылмыстық кодексінің жемқорлықпен байланысты қылмыстардың екі түрі қарастырылған: пара алу (366-бап); пара беру (367-бап); ҚР Қылмыстық кодексінің 366, 367-баптарында көзделген әрекеттер сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен байланысты.

Пара алу – ең қауіпті заңсыздықтың бірі. Пара беру – бұл лауазымды тұлғаны заңды немесе заңсыз әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға мәжбүрлейді. ҚР Қылмыстық кодексінің 366-бабы келесі жазаны көздейді:

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер

(әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет, сол сияқты заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін пара алу – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенгеннен алпыс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар: 1) қорқытып алу жолымен; 2) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; 3) ірі мөлшерде; 4) бірнеше рет жасалса, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның алпыс

еселенгеннен жетпіс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды қылмыстық топ жасаса, сол сияқты аса ірі мөлшерде жасалса, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жетпіс еселенгеннен сексен еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлкі, мүлікке құқықты немесе өзге де мүлкілік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады.

Сыбайлас жемқорлық – бұл үлкен дерт. Онымен бүкіл қоғам күресуі керек.

Алия ТЛЕМБЕРЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекет басшысы жыл сайын халыққа арнаған жолдауында еліміздегі адам құқығының қадағалануын, сот жүйесін жетілдіруді ерекше атап өтеді.

Биыл да «Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – әділетті Қазақстанды құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз. Қоғамдық тәртіпті бұзатын кез келген арандатушылық әрекетке қатаң тосқауыл қою қажет. Өкінішке қарай, құқық қорғау мекемелері және аймақ басшылары осы жұмысты дұрыс атқармай отыр. Басқа сөзбен айтқанда, заң үстемдігін қамтамасыз етпейді. Соның салдарынан қоғамымызда ұдайы келенсіз оқиғалар болып жатады» – деп еліміздегі адам құқығының сақталуын ерекше атап өтті. Ата Заңда азаматтардың құқығы мен бостандығына ерекше мән берілген. Демек Ата Заң кепілденіріп, Президенттің өзі қадағалап отырған халық құқығының сақталуы маңызды.

Қ. Тоқаев «біздің негізгі мақсатымыз – заңды қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, әрбір адамның ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды» деді. Әрине қоғамда жемқорлық тыйылып, халықтың құқығы басты орында тұруы үшін еліміздегі әрбір азаматтың әділдікке мән беріп, қоршаған ортасынан да адалдық талап етуі орынды. Сондықтан Президент қайталап отырған мәселелердің маңызы зор.

Мемлекет басшысы –

Бірыңғай сенім телефонның ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек екендігін атап өтті. Соңғы жылдары еліміздегі зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін көптеген жұмыстар атқарылды. Соның арқасында тұрмыстық зорлық зомбылық статистикасының біршама төмендегенін көріп отырмыз. Былтырғы жолдауында да «Мен адам құқығын қорғау саласын әрдайым жеке дара бөліп қарайтынмыз білесіздер. Біз соңғы екі жылда бұл бағытта едәуір ілгері жылжыдық. Осы жаздың басында менің жарлығыма сәйкес Үкімет Адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Осы маңызды құжат Қазақстанда адам құқығын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұзақ мерзімді институттық негіз қалыптастырады. Атап айтқанда, кешенді жоспар қабылданғаннан кейін гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін белсенді жұмыс басталды. Осыған орай әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымын барынша қолдауды қамтамасыз еткен жөн. Бұл жұмысқа Президент Әкімшілігі жауапты. Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына да өзгерістер енгізген жөн. Құқық қорғау жүйесінде елеулі өзгерістер басталды. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап



Гүлдана УАЛИЕВА,
Ақтөбе қалалық соты
әкімшісінің бас маманы-
сот отырысының хатшысы

әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырады. Сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сот үдерістері қысқартылуда» деген болатын. Расында да еліміздегі осындай атқарылып жатқан шаралардан соң құқық қорғау саласы барынша жетілдірілді. Үш буынды модель енгізілгеннен кейін қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау күшейді. Прокурорлық қадағалаудың жеделдігі артты. Негізгі шешімдердің 98 пайызы үш тәуліктің ішінде күшін жойды. Прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі құзыреті біртіндеп кеңейіп келеді. Ішкі істер органдары осы салаға тән емес бірқатар функциядан арылды. Учаскелік инспекторлардың мәртебесі артты. Олар құқықбұзушылықтардың алдын алу саласында қосымша өкілеттікке ие болды. Бұл қарқынмен алдағы уақытта еліміздегі адам құқығы жоғары дәрежеде қорғалатынына сенім мол!

Қазақстан аумағында балаларды тәрбиелеудегі қатынастарды реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт – «Неке және отбасы туралы» кодекс. Онда балалардың әлеуметтік және материалдық құқықтары анықталған. Осы мәселеде айта кетерлік жәйт ол, осыдан бес жыл бұрын Жоғарғы Сот «Отбасылық сот» пилоттық жобасының іске қосылғандығы жайлы мәлімдеді.

МЫҚТЫ ОТБАСЫНЫҢ КІЛТІ – СЫЙЛАСТЫҚТА

Бұл жоба бүгінгі таңда бірқатар облыстарда қызмет атқарып келеді. Биылғы 1 қыркүйектен бастап республика бойынша отбасылық соттар жұмыс істей бастады. Олар арнайы бөлек мәртебе алған жоқ – кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құрамына кірді.

Отбасылық және некелік даулардың көпшілігі кәметке толмағандардың мүдделеріне әсер ететіні белгілі. Ал кәметке толмаған балалардың мүдделеріне қатысты неке-отбасы мәселелерінен туындайтын барлық санаттағы істерді отбасылық соттарда қарауды кәметке толмағандар істері жөніндегі соттар негізінде бір жүйеге келтіру – батыл да дана шешім. Кәметке толмағандардың істері жөніндегі соттар қызмет еткен уақытында өздеріне жүктелген міндеттерді атқарып келеді. Өйткені, кәметке толмағандардың мәселесі өздігінен туындамайды. Барлығы отбасынан басталады. Ата-ана баласы үшін жауапты. Қанша күш-қуат, қамқорлық, махаббат, еңбек және басқа да жақсы қасиеттерді бойына сіңірсе, бала солай өседі.

Өмір бізді отбасылық және кәметке толмағандар істері жөніндегі соттарды бір тұтастыққа біріктіруге мәжбүр етті. 1 қыркүйектен бастап заңға енгізілген түзетулер күшіне еніп, кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құзыретін айтарлықтай кеңейтті. Егер бұрын некені кәметке толмаған балалардың қатысуымен бұзу туралы талап жалпы юрисдикциядағы сотқа берілсе, 1 қыркүйектен бастап балаларға қатысты барлық мәселелер кәметке толмағандардың істері жөніндегі соттарға беріледі.

Атап айтқанда, кәметке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың ажырасуы; кәметке толмаған балалары

болған кезде мүлкіті бөлу; баланың тұрғылықты жерін, оның ішінде ата-анасының бірімен тұрақты тұру үшін Қазақстаннан тысқары жерге көшкен жағдайларды анықтау; егер бала олардан бөлек тұрса, ата-анасының және жақын туыстарының баламен қарым-қатынас тәртібін анықтау; айыру (шектеу) және қалпына келтіру (шектеулерді жою). Бұл дегеніміз, егер бұрын неке бұзу туралы арызды кәметке толмаған балаларын тәрбиелеп отырған ерлі-зайыптылар тұрғылықты жері бойынша қалалық немесе аудандық соттарға бере алатын болса, енді кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотқа жүгіне алады.

Кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар үш бағытта жұмыс істейді. Қылмыстық істер кәметке толмағандармен, сондай-ақ кәметке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстар. Азаматтық некені бұзған жағдайда балалардың тұрғылықты жерін анықтау туралы, қарым-қатынас тәртібі туралы, ата-ана құқығынан айыру, ата-ана құқықтарын шектеу туралы, бала асырап алу, әке болуды анықтау және осыдан туындаған даулар бойынша бірқатар істер бойынша кәметке толмағандарға қорғаншылық пен қамқоршылық жасау осы мекеменің құзырына кіреді.

Бұл мекеме жазалау мақсатын көздемейді. Сот, балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайтуды көздейді. Біз баланың жетілуіне мүмкіндік беру үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз.

Нұржан МҰСАБЕКОВ,
Кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

тары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына заңды мекенжайда қабылданады: 050004, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жібек Жолы даңғылы, 53 үй, 31 кеңсе, тел.: +77479491868.

4. «AK Commerce» ЖШС, БСН 140240018542, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 240 үй, тел.: +77479491868.

5. «НефтегазДеталь Азия» ЖШС, БСН 081240006220, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына заңды мекенжайда қабылданады: 050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 240 үй, тел.: +77479491868.

6. «AK КомАльянс» ЖШС, БСН 120640006798, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына заңды мекенжайда қабылданады: 050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 240 үй, оф. 106/1, тел.: +77479491868.

11. «Протех» ЖШС, БСН 060540005504, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 348 үй. Тел.: 87002689546.

12. «МАКС-ЭЛИТ» ЖШС, БСН 030140004942 (Қазақстан, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Сарапхана ауылдық округі, Сарапхана ауылы, Ж.Әкішұлы көшесі, №39 үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, Ә.Жангелдин көшесі, 45А үй. Тел.: 87082061976, 87015856009.

13. «Erke Bilim» ЖШС, БСН 220540031647, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, п.Қазцик, ул. Қ.Байқадамқызы, 88А. Тел.: 87758550155, 87756943518.

14. «Шығыс Қазақстан облысы бойынша ветеринария саласындағы жұмыс берушілердің өңірлік қауымдастығы» заңды тұлғаларының бірлестігі, БСН 170640015062, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Абай облысы, Жарма ауданы, Абай көшесі, 94. Тел. 87015694901.

15. «Охранное агентство К.К.Секьюрити» ЖШС ұйымы, БСН 121140001781, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Пятницкий көшесі, 23 ғимарат, индекс 050042. Телефон 87052922202.

17. «БизнесЗаңСервис» ЖШС, БСН 130140001770, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, 4 ықшамауданы, 10 үй, 102 пәтер.

БАНКРОТТЫҚ

16. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 20.09.2023 жылғы ұйғарымы бойынша «NABVI» ЖШС-не, БСН 111040013879, банкроттық туралы іс қозғалды.

ҚҰЛАҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласуыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.



ТЕЛЕФОН:
292 43 43, 8 708 929 9874



ӨРТҮРЛІ

7. Астана қаласы МАЭС-ның 11.09.2023 жылғы ұйғарымымен «KazBrand «Қазақстандық Азық-түлік Компаниясы» ЖШС, БСН 010940006766, Астана қаласы, А184 көшесі, 4-ғ, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. Кредиторлардың талаптарын уақытша әкімші Мухамеджанова Зухра Жақсыбаевна мына мекенжай бойынша қабылдайды: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 46-38, тел. 87015364487, 120612052308 muha@mail.ru.

8. Құрметті Қараой ауылының тұрғындары! 2023 жылы 13 қараша күні сағат 10.00-де Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі, №6 мекенжайындағы «Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің кеңсесі ғимаратында Қараой ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді. Күн тәртібіндегі мәселе: «Қараой 2018» қоғамдық қорын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 заңының 26-бабына сәйкес, ерікті түрде тарату туралы қоғамдастық жиыны өтеді.

9. Павлодар облысының Ақсу қалалық сотына Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Қамзын көшесі, 24 үй, 102 пәтер мекенжайында тұратын Ақжол Шамхұратқызы Жүнісова, 28.10.1975 жылы туған, Павлодар облысының тұрғын Ақмарал Шамхұратқызы Жақижанованы хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы өтініш түсті. Осы азаматтың тұратын жері туралы қандай да бір мәліметтері бар барлық тұлғалардан Ақсу қалалық сотына үш ай мерзім ішінде келесі телефон нөмірлері бойынша хабарлауды сұраймыз: 8(71837)50939, 87072040412.

10. «Сунгар-Агро» ЖШС, БСН 120840010278, «Лимит oil» ЖШС-нің, БСН 060640003175, «Сунгар-Агро» ЖШС-не, БСН 120840010278, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылу рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жазбаша түрде мына мекенжайда қабылданады: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алматы ауданы, А.Байтұрсынов көшесі, 19 үй.

ТАРАТУ

2. «AK Trading Company» ЖШС, БСН 130340013533, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына заңды мекенжайда қабылданады: 050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 240 үй, тел.: +77479491868.

3. «Компания «Дала Тур» ЖШС, БСН 071040020475, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/WhatsApp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволиова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вудай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы №71 санды)

Жомарт өкіріп жылап жіберді. Қонағы кешіккен соң үй сатып алған кісі пальтосын жүре киіп алдынан шықты. Асылжан деп күткені мүлдем өзге адам боп шыққанға таңғалып:

– Сіз кімсіз? – деп қасына келді. Мұның өкіріп жылап тұрғанын көріп, арақ ішіп алып адасып кетті ме деп қолынан ұстап шығарып жібергісі келіп еді, бұл:

– Үй қалай? Ұнады ма? – деді. Сол кезде ғана үй сатып алған кісі шырамытып:

– А, бұл сіз бе? – деп білегін жібере қойды.

Жомарт үйін сатқан кісінің бетіне тесіліп қарап:

– Үй қалай? Ұнады ма? – деді қайталап.

– Иә, бәріміз сізге ризамыз. Үй өте тамаша салынған. Жүріңіз, үйге кіріңіз, – деп Жомартты үйіне ертіп кірді. Үйіне кіре:

– Сәуле, бізге кімнің қонаққа келгенін қарашы. Үйді сатқан кісі, – деп Жомарттың бетіне қарап, үстіндегі пальтосын шешуге көмектесті.

Жомарт бар-жоғы екі-ақ ай тұрған үйіне қарады. Ас үйде қызы үшеуі отырып тамақ ішкендерін есіне алды. Кішкентай Айым асүйден шығатын террасаны қызық көріп, сол жақта отырып шай ішейікші деп аяқ асты бәрін террасаға көшіргені көз алдына келді. Жомарт өзін-өзі ұстай алмай қалды. Тұрған орнында тағы да өкірді. Үй сатып алған адамның әйелі шошып кетті. Қолындағы ыдысын қоя салып:

– Сізге не болды? – деп қасына жүгіріп келді. Үй сатып алған кісі үстел әкеп отырғызды. Анасына көмектесіп жүрген егіз қыз аузын ашып қарап қалды.

– Су әкелші, Салтанат, – деген әйелі қызы әкеліп берген бір шыны суды Жомартқа ұсынды.

Жомарт суды қолымен жәй ғана итеріп:

– Рақмет! Ішпеймін, – деді де жан-жағына қарап, орнынан тұрып кетуге ыңғайланды. Сәуле білегінен ұстап алып:

– Кішкене отыра тұрыңыз. Мүмкін бізбен бірге шай ішерсіз. Мен қазір дайындап жіберейін, – деп үстел үстіндегі Жаңа жылға деп турап жатқан салаттарын жинастыра бастады.

Жомарт келіскендей үнсіз отырып қалды. Үй сатып алған кісі де үн-түнсіз, ол Жомартты қалай жұбатарын білмей әлек.

– Сөйтші, шай ішейікші, – деді.

Сол уақытта есіктің қоңырауы соғылып, үй сатып алған кісі қонағын күтіп алуға кетті. Жомарт әйелге:

– Үй қалай? Сіздерге ұнады ма? – деді.

– Иә, қатты ұнады. Сізге қайта-қайта рақмет айтып жүрміз, – деді.

Жомарт төмен қараған күйі басын изеді.

Үй сатып алған кісі күтіп отырған қонағы, Асылжанды ертіп кірді. Асылжан дабырлап үйдегілермен амандасып, қыздардың маңдайынан сүйіп, қолындағы тортын үстел үстіне қойды да Жомартпен амандасып:

– Асылжан, – деді. Сонда үй сатып алған кісі:

– Бізге осы үйді сатқан азамат, – деп қосып қойды.

– А-а-а, үйдің жобасын кім сызған? Маған қатты ұнады. Дәл осы жобаман үй салсам ба деп жүрмін, – деп мақтай жөнелді.

– Осындағы бір жігіттің жобасы бойынша салынған, – деді жәй ғана.

– Өзіміздің жігіттер сызған ба? Мен шетелден арнайы архитектор жалдап сызғызған шығар десем, – деп қойды.

– Бұл жерге қандай үй салу керек-

гін осы жердің адамдарынан артық ешкім білмейді, – деді Жомарт.

– Үйді қай құрылыс компаниясы салды? – деді үй сатып алған кісі.

– Үйді де сол жобасын сызған жігіттер салды, – деді Жомарт.

– Өзіміздің жігіттер болса телефонын берші, – деді Асылжан.

– Берейін. Жазып ал: 87779998899

– Аты кім?

– Қуаныш. Құрылысшы Қуаныш деп жазып қой, – деді Жомарт.

– Иә, құрылысшы Қуаныш деп жазып қояйын, әйтпесе таба алмай қалармын, – деген Асылжан үй салып алғандай қуанып телефонын

еріп келемін. Маған шын, сіздерге өтірік, ваннаны ашқанда қыз одан әрі еңрей бастады. Ұлым ваннаға кіріп кетті. Шінде жылап отырған қыз ұлымның алқымынан ала түскендей тынысым тарылып кетті. Іштен:

– Әке! – деген ұлымның дауысы естілді. Өлімісіреп:

– Әуу! – дедім.

– Бері келіңізші, – деп күлді ұлым.

Сол кезде есімді жиып:

– Ә, иә, – деп жетіп бардым.

Ұлым қабырғаға құлағын тосып, қолымен қағып жүр. Қолымен қақса жылаған дауыс басқаша шығады. Қақпаса басқа сарынмен ыңырысып жылайды.

қызыңыз естімеген бе? – деп сұрады әйел.

– Естіген. Сол дыбыстан қорқып жүрегі жарылып өлді.

Әйел шошып күйеуіне қарады. Күйеуі әйеліне қарады. Ал Жомарт әрі қарай сөйлей берді. – Үйді сол үшін саттым. Астанаға жұмыс ауыстырған жоқпын. Осы көшенің бас жағындағы коттеджде тұрамыз, – деді қасындағы адамдарға қарап.

– Бұл үйді салған адамды таба аласыз ба? Әдейі істеген. Сіздерді қорқытқысы келген. Егер ұлым болмаса біз де қорқып сатып жіберер ме едік. Ұлым авиаконструктор. Ваннаның сырын бірден біліп қойды.

– Саған беретін ақшам жоқ! – деп бұл да қолын сермеп үйіне кіріп кетті.

Ішке кіріп кетті де әйнек есіктен сыртқа қарады. Құрылысшы біраз ойланып тұрды да үйдің артына қарай кетті. Бұл жүгіріп келесі бөлменің терезесінен қарады. Құрылысшы сол маңда тұрған басқышты қабырғаға сүйіп, жоғарыға көтеріле бастады. Бұл үйді өртейін деп жатыр деп қорқып, ойбайлап үйінен атып шықты. Есік алдында тұрған күзетшілерге:

– Жүгіріңдер, ана оңбаған үйді өртейін деп жатыр! – деп байбалам салды.

Күзетшілер жүгіріп барды да, басқыштан түсіп келе жатқан құрылысшының екі қолынан қолтықтап ап дедектетіп есікке қарай алып кетті. Дуалдың есігін ашты да сыртқа қарай итеріп жіберді. Сол кезде бұл далаға шығып сыртынан қарады. Құрылысшы ішіп алған адамдай тәлтіректен аяғын әр жерден бір теңселе басып кетіп барады екен...

Кейін естіді сол кезде құрылысшының Айым шамалас қызы қатты ауырып, осы үйді салған ақшамды алсам емдетемін деп ойлаған екен.

– Сол кезде қызым ауырып жатыр деп неге айтпадың? – деп күбірледі бұл.

Енді, міне, өзінің де аяғы тәлтіректен, әр жерден бір басып бара жатыр. Бір кезде аяғы тайып кетті де, етпетінен құлады. Қолын тіреп, тізерлеп тұрды да:

– Не үшін тұрамын? Кім үшін тұрамын? – деп мамық қарды бұрқ еткізіп жата кетті. Жерде жатып мұрнын қытықтаған қарды үрледі. Үрлеп жатып күлді. Неге күлгенін өзі білмейді. Неге күлді екен? Мүмкін шарасыздықтан күлген шығар. Арада жарты сағат өткенде жол бойындағы үйлерден адамдар шығып от шашу ата бастады. Осыған қарап сағаттың 12 болғанын шамалады.

Үй сатып алған кісі аула ішіне де, жол бойына да шығып от шашу атты. Екі қызы алақайлап қуанды. Екі баласы да мәз болды. Көрші үйден шыққан ысқырып атылған от шашуға қараған әйелі анадай жерде қарауытқан нәрсені байқады да, күйеуін тұртіп көрсетті. Үй сатып алған кісі мен Асылжан қарауытқан нәрсеге қарай жүгіре жөнелді. Бала-шаға әкесінің артынан қарап қалды. От шашу өз-өзінен атылып жатты. Бір сәтке бәрі от шашуды ұмытып кетті. Ал үй сатып алған кісі мен Асылжан біреуді сүйретіп, иықтап көтеріп келе жатты...

– Алло!
Телефонды бір әйел көтерді.

– Алло, бұл құрылысшы Қуаныштың телефоны ма екен?

– Иә.

– А-а-а, Жаңа жылыңызбен! Демалыста мазалағаным үшін кешірім сұраймын. Қуанышпен сөйлесейін деп едім. Үй салғызғым келген. Коттедж қалашығындағы бір үйді салған екен. Жобасы қатты ұнады, – деді Асылжан не үшін қоңырау соққанын түсіндіріп.

– Қуаныш қайтыс болды, – деді әйел жыламырап.

– Қашан?! – деп Асылжан шошып кетті.

– Бүгін.

– Бүгін?! Қалай?!
– Терезеден секіріп кетті.

– Уф! – деп терең күрсінді Асылжан. – Үйдің бе?

– Салып жатқан үйінің...
Телефон үзіліп кетті. Телефонның зың-зың еткен дыбысынан басы зыңылдап кеткен Асылжан:

«Терезеден секіргені несі? Әлде лақтырып жіберді ме екен?..» – деп ойланып қалды.

ЖЫЛАЙТЫН ҮЙ



сипап қойды. Сол кезде үй сатып алған кісінің әйелі:

– Бұл үйге біз жылайтын үй деп ат қойдық, – деп сөзге араласты.

Жомарт жұлып алғандай әйелге жалт қарап:

– Қалай?! – деп айғайлап жіберді. Әйел шошып кетті. Үй сатып алған кісі де, қонаққа келген Асылжан да тіксініп қалды.

– Неге жылайтын үй деп ат қойдыңдар?

– Сіздер қанша уақыт тұрдыңыздар? – деді Асылжан сол кезде.

– Бар болғаны екі ай. Екі айдан кейін жұмысым Астанаға ауысты да, көшіп кеттік, – деді Жомарт.

– Былай болды, – деді үй сатып алған кісі. – Сіздің қызыңыздың бөлмесін екі қызымызға, Салтанат пен Сәнімге бергенбіз. Бірінші қонған түні таңға жуық екеуі қорқып, бөлмеде бір қыз жылап отыр деп бізге жүгіріп келді. Жаңа үй болған соң елегізді ме деп қыздарымды анасының қасына жатқызып, аластап жіберейін деп шырпымды алып бөлмесіне бара жатсам, шынымен де бір қыз сыңсып жылап отырды. Жылап отыр дегенде қызды көзіммен көрмедім, дауысын естідім. Шошып кеттім. Кәдімгідей қол-аяғым қалтырап аяқ аттап баса алмай қалдым. Сол күні үлкен ұлым жолдастарымен қыдырып үйге енді келіп жатыр еді. Басқышта тұрған мені көріп:

– Әке, не істеп тұрсыз? – деп сұрады.

– Қыздардың бөлмесінен біреудің жылаған дауысы шығады, – дедім үлкен ұлды ес көріп.

– Салтанат пен Сәнім жылап отыр ма? – деп көзі атыздай болып кетті.

– Жоқ, басқа қыз.

– Қайдағы қыз? – деген ол бөлменің есігін ашып жіберіп ішке кіріп кетті. Жарықты жақты да:

– Мына жақтан шығады, – деп ваннаға қарай кетті. Мен артынан

– Мынау не дауыс? – дедім ұлым.

– Қазір, әке, – деген ұлым ваннаның төрт қабырғасын тыңдап, тоңқылдатып қағып шықты.

Ана жерде, енді, дәл қасында көзге көрінбейтін бір қыз жылап отырғандай зәрең ұшады. Кәдімгі адам дауысы. Ұлым қабырғаларды қағып шықты да күлімісіреп, басын шайқады.

– О не? – дедім.

– Қабырғасына труба салып кеткен, – деді ұлым.

– Оны қайдан білдің? – дедім.

– Бір жерден бітеуге болады, соны тауып алу керек. Сонда дыбыс шықпайды, – деді ұлым.

– Трубаны не үшін салып кеткен? – дедім.

– Кім білген? Біреуді қорқытқысы келген шығар, – деп күлді ұлым. – Далада кішкене жел тұрса жел трубаны үрлейді де адамның жылаған дауысы шығады. Негізгі шатырға шығып қарау керек. Труба далаға шығып тұр. Ертең қараймыз, – деген ұлым ваннадан шықты да, қарындастарын іздеп:

– Қыздар қайда? – деді.

– Қыздар осы дауыстан қорқып біздің қасымызда жатыр, – дедім.

– Қыздар қорықса, бөлмесін ауыстыру керек. Онда ертең мен осында көшейін, – деді. Міне, содан бері үйді жылайтын үй деп атап кеттік. Кейін жылайтын үй емес, сөйлейтін үй дейік десем де қыздар жылайтын үй деп қоймады, – деді үй сатып алған кісі.

– Трубаны таптыңыздар ма? – деді Жомарт.

– Иә, таптық. Бір кафельді алмалы-салмалы етіп жасап, трубаның бетін жасырып кетіпті. Трубаны тығындап тастап едік дыбыс шықпайтын болды.

Жомарт бір күрсінді.

– Сіздер тұрғанда бұл дыбысты

Оны біз сияқты қарапайым адам білмейді. Қорқады. Қорыққаннан кейін үйін сатып құтылады. Қорыққаннан кішкентай қыздың жүрегі жарылып кетсе, мына үйді салған адам қылмыскер. Сотқа беру керек. Жазасын алсын, – деді әйелі тоқтай алмай. Асүйде жұмыс істеп жүрген екі қыз да қорқып анасына тығылды.

– Иә, сотқа беру керек ондай оңбағанды, – деді Асылжан да.

– Бере алмаймын, – деді Жомарт.

– Неге?! – деп көзі бақырайып кетті әйелдің.

Жомарт әйелге бір қарады да орнынан тұрып сыртқа қарай беттей берді...

Жомарт шығып кеткеннен кейін үй сатып алған кісі мен Асылжан да артынан шықты. Ол ішіп алған адамдай аяғын әр жерден бір басып, тәлтіректен үйіне қарай кетіп барады екен. Екеуі қарап тұрғанда:

– Үйіне бара жатыр. Сол жақта тұрамын деген, – деді үй сатып алған кісі. Сөйтіп Асылжан екеуі үйге кіріп кетті.

«...Көктем айы. Мынадай зәулім үйді бітіріп кіргеніне екі күн болды. Үй қандай рақат. Ауласы қандай кең. Жұмақ дерсің. Екі күннен бері қонақ ағылып жатыр. Таңертең далаға шығып, құстардың сайраған үнін тыңдап рақаттанып тұр еді, күзетші келіп:

– Үйді салған құрылысшымын деп бір кісі келіп тұр, – деді.

– Кіргіз, – деді бұл. Үйдің жобасын сызып, бүкіл құрылыс жұмысын басқарған құрылысшы:

– ...Жәке, қалған ақшамды бересіз бе? – деді жүзін төмен салып.

– Саған бердім ғо, сол аз болып қалды ма? – деді бұл.

– Аз болып қалды ма дегеніңіз қалай? Қалған елу пайызын бер. Қаншама жұмысыға ақша беруім керек! – деп айғайлады.

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана
Тапсырыс №142 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31